

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТИ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2023 жылғы 5 сәуірде жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің төрағасы
Д.М. Жазықбаевқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Бүгінгі өзекті мәселе, ол – мемлекеттік қызмет саласындағы қазақ тілінің жағдайы.

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 4-бабында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі» деп анық жазылған.

Әрі қарай «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы - деп жалғасады.

Алайда, қазақ тілінің Заңмен бекітілген биік мәртебесіне қарамастан, бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызмет саласында ана тіліміздің ресми тілдің тасасында қалып отырғаны жасырын емес.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы № 40 бұйрығының 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидаларының 16-тармағында **«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін білуге арналған тестілеуден өту үшін мән белгіленбейді»** деп жазылған.

Демек бұл, мемлекеттік қызметке өту барысындағы тапсырылатын тестілеуде қазақ тілінің қажеттілігі жоқ екенін білдіреді.

Қазақ тілінен сынақ тапсырушылар 20 сұраққа 20 минут ішінде жауап беруі керек. Аталған 20 сұрақтың нәтижесі ешқандай есепке алынбайды. Алайда, тест тапсыру кезінде қазақ тілі бойынша тест сұрақтарының

қорытынды бағаға әсер етпейтінін біле отырып, үміткерлер бұл 20 минуттың басым бөлігін басқа заңдар бойынша сұрақтарға жұмсайды.

Мысалы: «Б» корпусының мемлекеттік қызметке өту сынағында 9 нормативтік құқықтық актілер бойынша қамтылған 130 сұрақтың белгілі бір межесі көрсетілген. Ал қазақ тілінен өту межесі айқындалмаған. Бұл ана тілге деген құрметтің мүлдем жоқтығын көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет – халыққа қызмет ететін абыройлы міндет. Қазақстан Республикасында қазақ тілін меңгермей-ақ мемлекеттік қызметкер атануға болатын болса, оны тест сұрақтарына қосып біздер кімді алдап жүрміз?

Бізге түсініксіздігі, мемлекеттік қызметке өткен азаматтарға берілетін сертификатта «Үміткер Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мен заңнамаларын білуге арналған тестілеуден сәтті өтті» деп жазылады. Бұл анық көз бояшылық емес пе?

Осыған орай, біздің ұсынысымыз - мемлекеттік қызметке өту кезіндегі тестілеуде қазақ тілі есепке алынып, үміткер 100% мемлекеттік тілден оң нәтиже шығару керек деген нормалар енгізілсін.

Нәтижесі туралы ақпаратты «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Конституциялық заңның 27-бабына сәйкес жолдауыңызды сұраймыз.

**Құрметпен, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары -
«АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері:**

**С. Мусабаев
Е. Жаңбыршин
Д. Тұрғанов
Е. Саиров
Ж. Сүлейменова
М. Жайымбетов
Н. Сәрсенғалиев**

«Ақ жол» фракциясының мүшесі:

Қ. Иса

Орынд.: Ф.Баженева
Тел.: 74-67-40